

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ-ДАМУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ РОЛІ

Мейірбек Нұрсауле -докторант
Газрати Самая Вали гызы- магистрант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент,Қазақстан.

Аннотация: в статье рассматриваются различные определения педагогической технологии, приводится классификация инновационных технологий. В коррекционной работе логопеда авторы придерживаются идей гуманно-личностной педагогики.

Annotation: the article discusses various definitions of pedagogical technology, provides a classification of innovative technologies. In the correctional work of a speech therapist, the authors adhere to the ideas of humane and personal pedagogy.

Жаңа ғасыр дидактика мен оқыту әдістемесіне нақты өзгерістер әкелді.

XX ғасыр педагогикасы XXI ғасыр педагогикасынан ерекшеленеді. XXI ғасырдың басынан бастап ұлттық және әлемдік білімнің дамуында көптеген өзгерістер болды. Қазіргі уақытта ең байқалатын құбылыс – қоғамның интернеттенуі және цифрлық технологиялардың білім саласына енуі [1].

"Инновация" сөзі латын тілінен енген ."Innovatio" –деген сөздің сөзбе-сөз аударғандағы мағынасы - "өзгерістер бағытында" дегенді білдіреді.

Технология (грек. techne "өнер", "шеберлік", logos "сөз", "білім" - өнер туралы ғылым)-қандай да бір істе немесе өндірісте қолданылатын әдістер мен процестердің жиынтығының атауы [2, б.298].

В.А.Сластенин бойынша педагогикалық технология деген: ол қатал ғылыми жоспарлау және дәлірек айтқанда педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін елестету [3, б.12].

Педагогикалық технологиялар – бұл өзара ілесе байланысқан, педагогикалық амалдарды шешуге бағытталған оқытушының әрекеттер жүйесі, басқаша айтқанда алдын ала жобаланған педагогикалық үрдісте тәжірибе жүзінде жобалау мен ілестіру түрінде жүзеге асыру. Педтехнология – педагогикалық әрекеттердің өнімді болуына кепіл беретін қатан ғылыми жобалау мен жаңғырту.

Г.К.Селевко есебінше педагогикалық технология әрі оқыту мен тәрбиенің аса рационалды жолдарын зерттейтін ғылым ретінде, әрі оқу барысында қолданатын әдістер, қағидаттар, реттегіштер жүйесі ретінде, әрі оқыту үрдісінің нақты түрі ретінде қызмет атқарады [4,б.215]. Педагогикалық ғылымында «педагогикалық технология» терминге көптеген анықтамалар беріледі, және олардың түрлері де 300-ден аса қарастырылған.

Төменгі кестеде біз жаңа педагогикалық технологиялардың жіктелімін ұсынамыз.

Жаңа педагогикалық технологиялар



1-кесте. Жаңа педагогикалық технологиялар

Солардың ішінде біздің зерттеу жұмысымызға негіз болатын ізгілікті-тұлғалық технология. Педагогикалық процестің ізгілікті болуын жақтаушы жән оны дамытушы – Шалва Амонашвили. Оның басты еңбектерінің бірі «Ізгілік педагогикасы жайлы ойлар» деп аталады. Бұл еңбегінде ол авторитарлы білім беруді қатты сынға алады. Ол өз еңбегінде көп жағдайда эксперименталды-педагогикалық процеске және оның нәтижесіне сүйенеді. Авторитарлы жүйенің қалыптасуын тарихи салдармен байланыстырады, яғни консерватизмнің басымдылығы. Сондықтан да ол көптеген идеялардың, бастамалардың дамуына тосқауыл болды. Әр бала туылғаннан бастап белгілі бір миссиямен туылады деп санайды, яғни әр бала өзіне тән нышан, белгілермен туылады дейді. Сол ерекшеліктерді дамыту үшін авторитарлы білім беруді жойып, ізгілендіру арқылы жүргізіледі деп атап өткен. Сонымен гумандық педагогика баланы өзіндік табиғи ерекшеліктерімен қабылдайды [5].

Бүгінгі таңда адамның жеке басының дамуына жоғары талаптар қойылады. Дефектолог-логопед мамандарының барлық салада үйлесімді дамуы шарт. Инновациялық технологиялар дефектолог-логопед мамандарының қызметінің әртүрлі салаларында прогрессивті нәтижелермен қамтамасыз етілуін және берілген матерималдардың тиімділігін арттыру мақсатында білім беру әдісі мен процесі болып табылады.

Әлемдік статистикаға сәйкес, сөйлеу тілінің бұзылыстарының саны үнемі өсуде. Сол себептен балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарын уақтылы анықтау және түзету маңызды.

Логопедиядағы инновациялық технологиялардың келесі түрлерін ажыратуға болады:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; қашықтықтан білім беру технологиялары (ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру кезінде пайдаланылады);
- инновациялық психокоррекциялық технологиялар;
- Денсаулық сақтау технологиялары;
- Аралас технологиялар-жаңашылдықтарды қолданатын дәстүрлі логопедиялық технологиялар: ата-ана тәрбиесі, Р.Штайнер мен М.Монтессори әдістемесінің элементтері, сөйлеу әрекетін қалыптастыруда оқу дағдыларын қолдану және т. б.;
- Ұйымдастырушылық инновациялық технологиялар: сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға сөйлеу терапиясының жаңа формаларын, мысалы, қашықтықтан қолдауды анықтауды қамтиды.

Қазіргі логопедиялық тәжірибеде дәстүрлі емес инновациялық технологиялар мен әдістер белсенді қолданылады:

- Ми қыртысын ынталандыру технологиясы;
- Ми қыртысының жарты шарын өзара іс-қимылмен дамыту технологиясы;
- Сенсорлық интеграция әдісі;
- Нейропсихологиялық түзету технологиялары;
- АВА-терапия;
- Шығармашылық ойын терапиясы (құм терапиясы);
- Динамикалық кеңістікті ұйымдастыру технологиялары;
- Бейнелі кеңістікті түрлендіру технологиялары;
- Балалардың әлеуметтік зердесін дамыту технологиялары;
- Мультимедиялық түзету және дамыту құралдары және т. б.[6]

Барлық сөйлеу тілінің құрамдық құрылысын назарға алсақ, бала жеке дыбыстардан бастап,буындық және сөздік құрамды қамти отырып лексика-грамматикалық жағының дамуына дейінгі деңгейінің бұзылмау қажеттілігін білдіреді. Әрбір арнайы педагогтың басты мақсаты оқушының ауызша мазмұндауы өз ойын жеткізіп сөйлеуді үйрету, жазбаша және оқу техникасын меңгерудегі қиындықтардың алдын алу, жас ерекшелігіне байланысты интеллектуалды дамыған оқушы тәрбиелеу.

Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектеп көлемінде бірінші сыныпқа түсетін оқушылар арасында сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары бар балалар саны артып келеді, бұл оқуға теріс көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.Сол себептен логопедиялық пунктін жұмысы маңызды.Логопед мамандардың негізгі міндеті балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстарын түзету және жалпы білім беру бағдарламаларын игеруге ықпал ету, әсіресе ана тілін толық меңгеруге алғышарттар жасау.

Кәзіргі таңда балаларды қызықтыру қиын, сол себептен жеке даму бағдарламаларының игерілуі үшін мамандар түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануда. Мұндай тәсілдердің бірі- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды. Мұндай технологияларды түзету жұмысына енгізу бүгінгі таңда білім беру процесінің жаңа кезеңі болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып логопед мамандары жеке және топтық сабақтар өткізе алады. Әрине баланың денсаулығын сақтау шартын назарға алу тиіс.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып логопед маманның түзету жұмыстарынан үзінді мысалы келтіргім келеді:

-Үйлесімді сөйлеуді дамыту-сюжеттік суреттер сериясына сүйене отырып, мәтінді қайталау (құрастыру).

- Фонетико-фонематикалық талдау дағдыларын қалыптастыру.

-Визуалды-кеңістіктік қатынастарды қалыптастыру.

-Дыбысты айту бойынша жұмыс – артикуляциялық гимнастика, тыныс алу және ырғақтық жаттығулар, дыбыстарды автоматтандыру, дыбыстар мен әріптерді саралау.

-Лексика-грамматикалық құрамды қалыптастыру, сөзжасам. Электрондық түрде «Доман» әдісінің кескіндерін визуалды және аудиалды қолдану, пиктограммалар арқылы сөйлем құру.

-Жалпы моторикаға және ұсақ моторикаға арналған түзету-дамыту ойындары. Екі жарты шарды дамытуға арналған арнайы іс-әрекеттік жаттығуларды монитордан көріп орындау.

Мысалы, балалар кейде ұқсас дыбыстарды дифференциалдай алмай алмастырады. Мұндай фонетико-фонематикалық бұзылыстардың алдын алу үшін әр дыбысты аудио арқылы тыңдатып, буындық және сөз құрамында мысал келтіріп, электрондық кесінді суреттер арқылы саралап, аудиалды және визуалды есте сақтау дағдыларын дамыту ұсынамын.

Денсаулық сақтау технологиялары арқылы логопедтік сабақта көру гимнастикасы өткізіледі, қызықты көзге арналған жаттығулар ұсынылады. Мұндай жаттығулармен бірге классикалық музыканы қоса тыңдату пайдалы. Анимациялар, түрлі пішіндердің ауысуы, табиғат көріністері және релаксациялық музыкалар қолданылады.

Ұйымдастырушылық инновациялық технологиялардың дыбыстарды шығару, қою және автоматтандыру мақсатымен орындалатын артикуляциялық гимнастикалардың, тыныс алу, іс-әрекеттік ырғақтық жаттығулардың орындалуында монитордағы визуалды көріністің, релаксациялық үзінділердің (аудиолардың) түзету және дамыту жұмысындағы үлесі зор.

Инновациялық технологиялық әдістермен бірге балаларды оқыту, сапалы білім беру мүмкіндіктері пайда болды, балалардың сабаққа деген ынтасы мен эмоционалды қызығушылығы едәуір артты.

Логопедиялық сабақтарда компьютерлік технологиялар бағдарламалық-әдістер ретінде сөйлеу тілінің жалпы дамымауын түзетудің тиімділігін арттыру үшін қолданылады.

Инновациялық технологиялық әдістерді оқытудың дәстүрлі әдістерімен қоса қолданғанда тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сөйлеу тілінің бұзылыстарының жеңіл түріннен күрделі түріне дейін түзету мүмкіндігі туды. Фонетико-фонематикалық бұзылыстар, Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы I, II, III, IV-дәрежелер, Дизартрия, Тұтықпа, Дисграфия, Дислексия және тағы басқа сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету оң нәтижелі қорытынды көрсетуде. Инновациялық технологиялардың логопед мамандардың коррекциялық жұмысында тийгізген пайдасы: балалардың әлеуметтік ортада толық өзіне қызмет көрсете білуі және интеллектуалды дамыған ұрпақ тәрбиелеуге ықпал ету.

Әрбір бала-керемет рухани күш иесі. Кез-келген мұғалім әр балаға рухани күш иесі ретінде қарау керек. Мұғалімнің мұндай көзқарасы баланың белсенділігін арттырады. Білімге деген құштарлығын көбейтеді. Балаға сеніммен қарау баланы тек қуаттандыра түседі.

Әдебиеттер:

1. Силова И. Глобализация на полях: образование и постсоциалистические трансформации в Центральной Азии. Шарлотта, Северная Каролина: Информационная эпоха издательства (IAP), Inc .; 2016; 12(6): 25-29
2. Педагогика. Дәріс курсы /Мұқанова Б., Төлеубекова Р.К., Хмель Н.Д.-Алматы: Нұрлы Әлем, 2003.-368 б.
3. Сластенин В.А. Педагогика. –М.: Академия, 2002.-576 б.
4. Мыңбаева Ә.Қ. Жоғары мектеп педагогикасы –Алматы, 2016.-236 б.
5. Амонашвили Ш.А. ізгілік педагогикасы
http://rusnauka.com/26_DNIS_2015/Pedagogica/3_198714.doc.htm
6. Интернет желісі: <https://stranatalantov.com/news/primenenie-innovacionnyix-texnologij-v-obrazovatelnom-procессе/>